№ 2 ЕҢБЕК ШАРТЫ

Абай селосы 2023 жылғы «01» қаңтар

Осы еңбек шарты бір жағынан (*бұдан әрі – Шарт*) бұдан әрі «Абай негізгі мектебі»КММ 2021 жылы 17 қаңтар тіркеген, тіркеу нөмірі Ақтөбе облысының әділет департаменті, Хромтау ауданаралық әділет басқармасы , мына мекен-жайда орналасқан: Қазақстан, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Абай ауылы .,Мектеп көшесі, 17.БСН 970440003148 «Абай негізгі мектебі» КММ атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін директордың м.а. Сағымбаева Алия Маратбекқызы мен бұдан әрі «Қызметкер» деп аталатын

ЖСН_____, жеке куәлігінің №_____ _____жылғы «___» _____, _____. берген, осы еңбек шартын жасау кезінде мына мекен-жайда: _____ тұратын Қазақстан Республикасының азаматы Тасенова Самал Алматовна арасында жасалады, олар бірге «Тараптар» деп аталады.

(*қызметкердің Т. А. Ә.*)

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

Осы шарт бойынша қызметкер бастауыш сынып мұғалімі лауазымы бойынша сыйақы үшін

(*штаттық кестеге сәйкес лауазымның атауы*)

жұмыстар атқарады және еңбек тәртіптемесін сақтайды, ал жұмыс беруші еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді және қызметкерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, еңбек шартына сәйкес жалақыны дер кезінде және толық көлемде төлейді және өзге де төлемдерді жүзеге асырады.

Жұмыстың орындалатын жері мына мекен-жайда Хромтау ауданы, Абай ауылы, Мектеп көшесі, үй 17 орналасқан «Абай негізгі мектебі» КММ болып табылады. Осы шарт бойынша қызметкердің жұмыс орындауына байланысты Жұмыс беруші Қызметкерді Жұмыс берушінің өндірістік және қызметтік тапсырмаларын орындауға қажетті уақытқа іссапарға жіберуге құқылы.

Қызметкерді жұмысқа қабылдау осы Шарттың негізінде шығарылған Жұмыс беруші бұйрығымен ресімделеді.

1.4.Осы Шарт оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 1 жыл

(*Шарт жасалатын мерзім көрсетіледі*)

мерзім ішінде қолданыста болады.

1.5.Еңбек міндеттерін жүзеге асыру 01.09.2023 ж. басталады.

(*күні, айы, жылы*)

1.6. Қызметкерге ұзақтығы_____ ай болатын сынақ мерзімі белгіленеді.

1.7. Осы шарт бойынша жұмыстың орындалуы қалыпты (зиянды, ерекше зиянды, қауіпті) еңбек жағдайларында жүзеге асырылады (*қажеттісі сызылады*).

ЖҰМЫС УАҚЫТЫ МЕН ДЕМАЛЫС УАҚЫТЫНЫҢ РЕЖІМІ

2.1. Қызметкердің жұмыс және демалыс уақыты Жұмыс беруші бекіткен осы Шарттың шарттарымен, еңбек тәртіптемесімен, Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасымен белгіленеді, осыған байланысты Қызметкерге:

- екі/бір (сенбі және жексенбі) демалыс күндері бар бес/алты күндік жұмыс аптасы белгіленеді;
- _____ жұмыс күні – _____00 сағаттан _____.00 сағатқа дейін;
- түскі үзіліс – _____.00 сағаттан _____.00 сағатқа дейін.

ҚР еңбек заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыс беруші демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа қызметкердің жазбаша келісімімен тартуға құқылы.

2.2. Қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы жұмыс орны, лауазымы мен орташа жалақысы сақтала отырып, 56 (елу алты) күнтізбелік күндер санына (Қазақстан Республикасының мемлекеттік және ұлттық мерекелерін есепке алмағанда) беріледі.

2.3. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру қолданыстағы заңнамаға сәйкес Жұмыс берушімен бекітілген демалыстар кестесімен айқындалады.

2.4. Дәлелді себептер кезінде Қызметкердің жазбаша өтініші негізінде Жұмыс беруші оған жалақысы сақталмайтын демалыс береді. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген жағдайларда Қызметкердің жазбаша өтініші негізінде Жұмыс беруші Қызметкерге күнтізбелік бес күнге дейін жалақы сақталмайтын демалыс беруге міндетті.

2.5. Қызметкердің қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша демалыстардың өзге түрлерін пайдалануға құқы бар.

ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Жұмыс берушінің:

3.1.1. жұмысқа қабылдау кезінде таңдау еркіндігіне;

3.1.2. қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз өкілеттігі шегінде жұмыс берушінің актілерін шығаруға;

3.1.3. өз құқықтары мен мүдделеріне өкілдік ету және оларды қорғау мақсатында бірлестіктер құруға және оларға кіруге;

3.1.4. қызметкерлерден еңбек шарты, ұжымдық шарт талаптарының, еңбек тәртіптемесі ережелерінің және жұмыс берушінің басқа да актілерінің орындалуын талап етуге;

3.1.5 Еңбек Кодексінде және осы Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен қызметкерлерді көтермелеуге, оларға тәртіптік жаза қолдануға, қызметкерлерді материалдық жауапкершілікке тартуға;

3.1.6. еңбек міндеттерін атқару кезінде Қызметкердің келтірген зиянын өтетуге;

3.1.7. Қызметкерді оқытуға байланысты өз шығындарын өтетуге;

3.1.8. Жұмыс берушінің актісіне сәйкес Қызметкерден шығындарды құжатпен куәландыруды талап етуге;
3.1.9. қызметкерлермен еңбек шартын Шартта және Еңбек кодексінде көзделген тәртіппен және негіздер бойынша өзгертуге, толықтыруға және бұзуға **құқығы бар.**

3.2. Жұмыс беруші:

3.2.1. Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, өздері шығарған актілердің және осы Шарттың талаптарын сақтауға;
3.2.2. жұмысқа қабылдаған кезде Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда қызметкерлермен еңбек шарттарын жасасуға;
3.2.3. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыруға;
3.2.4. қызметкерге еңбек шартында келісілген жұмысты беруге;
3.2.5. қызметкерге Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, осы Шартта, жұмыс берушінің актілерінде көзделген жалақы мен өзге де төлемдерді уақытылы және толық мөлшерде төлеуге;
3.2.6. қызметкерді жұмыс берушінің актілерімен, ішкі еңбек тәртібі ережелерімен және лауазымдық нұсқаулықтармен таныстыруға;
3.2.7. қызметкерлердің өкілдеріне ұжымдық келіссөздер жүргізу, ұжымдық шарттар жасасу, сондай-ақ олардың орындалуын бақылау үшін қажетті толық және дәйекті ақпарат беруге;
3.2.8. қызметкерлер өкілдерінің ұсыныстарын қарауға, ұжымдық келіссөздер жүргізуге және Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен ұжымдық шарт жасасуға;
3.2.9. Қызметкерді Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, осы Шартқа сәйкес еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге;
3.2.10. Қызметкерді жабдықпен, құралдармен, техникалық құжаттамамен және еңбек міндеттерін атқару үшін қажетті өзге де құралдармен өз қаражаты есебінен қамтамасыз етуге;
3.2.11. мемлекеттік еңбек инспекторларының нұсқамаларын орындауға;
3.2.12. егер жұмысты жалғастыру Қызметкердің және өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін болса, жұмысты тоқтата тұруға;
3.2.13. Қызметкерді міндетті әлеуметтік сақтандыруды жүзеге асыруға;
3.2.14. Қызметкер еңбек міндеттерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға;
3.2.15. Қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беруге;
3.2.16. Қызметкерге зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыс жағдайлары мен кәсіптік аурудың болу мүмкіндігі туралы ескертуге;
3.2.17. жұмыс орындары мен технологиялық процестерде қауіп-қатерді болғызбау жөнінде шаралар қабылдауға, өндірістік және ғылыми-техникалық прогресті ескере отырып профилактикалық жұмыстар жүргізуге;
3.2.18. жұмыс уақытының, оның ішінде әрбір қызметкер орындайтын үстеме жұмыстардың, зиянды (ерекше зиянды), қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстардың, ауыр жұмыстардың нақты есебін жүргізуге;
3.2.19. Қызметкерлердің кәсіби даярлықтан, қайта даярлықтан өтуін және олардың біліктілігін арттыруды Еңбек кодексіне сәйкес қамтамасыз етуге;
3.2.20. Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеуге;
3.2.21. жұмысқа қабылдау кезінде ҚР ЕК қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Шартты жасасу үшін қажетті құжаттарды талап етуге **міндетті**.

4. ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қызметкердің:

4.1.1. Еңбек кодексінде көзделген тәртіппен және жағдайларда еңбек шартын жасасуға, өзгертуге, толықтыруға және бұзуға;
4.1.2. Жұмыс берушіден осы Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;
4.1.3. еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауға;
4.1.4. еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы толық және дәйекті ақпарат алуға;
4.1.5. Еңбек кодексі мен осы Шарттың талаптарына сәйкес уақытылы және толық көлемде жалақы төленуіне;
4.1.6. бос тұрып қалу үшін Еңбек кодексіне сәйкес ақы алуға;
4.1.7. тынығуға, оның ішінде жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына;
4.1.8. егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше жағдайлар көзделмесе, өз еңбек құқықтарының берілуі мен оларды қорғау үшін, кәсіподақ немесе басқа да бірлестіктер құру, сондай-ақ оларға мүшелік құқығын қоса алғанда, бірігуге;
4.1.9. өзінің өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздерге қатысуға және ұжымдық шарт жобасын әзірлеуге, сондай-ақ қол қойылған ұжымдық шартпен танысуға;
4.1.10. Еңбек кодексінде көзделген тәртіппен кәсіптік даярлықтан, қайта даярлықтан өтуге және өзінің біліктілігін арттыруға;
4.1.11. еңбек міндеттерін атқаруға байланысты денсаулығына келтірілген зиянды өтетуге;
4.1.12. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда міндетті әлеуметтік сақтандырылуға;
4.1.13. кепілдіктерге және өтемақы төлемдеріне;
4.1.14. өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;
4.1.15. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына;
4.1.16. өзінің денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде, бұл туралы тікелей басшы немесе Жұмыс берушінің өкілін хабардар ете отырып, жұмысты орындаудан бас тартуға;
4.1.17. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес келмеуі себепті ұйымның жұмысы тоқтатыла тұрған уақытта орташа жалақысының сақталуына;

4.1.18. еңбек жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне өзінің жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайларын тексеру туралы өтініш жасауға, сондай-ақ еңбек жағдайларын, қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды жақсартуға байланысты мәселелерді тексеру мен қарауға өкілдікпен қатысуға;
4.1.19. Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға;
4.1.20. біліктілігіне, еңбектің күрделілігіне, орындалған жұмыстың саны мен сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайларына сәйкес еңбегіне ақы төленуіне;
4.1.21. Еңбек кодексінде, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен, ереуілге құқықты қоса алғанда, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешуге **құқығы бар.**
4.2. Қызметкер:
4.2.1. Осы Шарт бойынша міндеттерді орындауға кірісу 01.09.2023 басталады;
(*күні, айы, жылы*)
4.2.2. еңбек міндеттерін еңбек шартына, ұжымдық шартқа, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес орындауға;
4.2.3. еңбек тәртібін сақтауға;
4.2.4. жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі мен өндірістік санитария жөніндегі талаптарды сақтауға;
4.2.5. Жұмыс берушінің және қызметкерлердің мүлкіне ұқыпты қарауға;
4.2.6. еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияны, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етпеуге;
4.2.7. Жұмыс берушіге келтірілген зиянды осы Шарт пен Еңбек кодексінде белгіленген шектерде өтеуге;
4.2.8. кәсіби даярлау, қайта даярлау және білікітілікті көтеру аяқталған соң оқыту шартына сәйкес тараптармен келісілген мерзімде Жұмыс берушіде жұмыс атқаруға;
4.2.9. оқыту шартымен белгіленген мерзім аяқталған кезде осы Шартты бұзған жағдайда, атқарылмаған жұмыс мерзіміне барабар, оқумен байланысты барлық Жұмыс беруші шығындарын кез келген негіздеме бойынша өтеуге **міндетті**.

5. ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

5.1. Қызметкерге Жұмыс беруші бекіткен Еңбекақы төлеу туралы ережеге сәйкес, айына _____(_____) теңге мөлшерінде жалақы төленеді.
5.2. Жалақы ақшалай нысанда айына кемінде бір рет, келесі айдың бірінші 10 (онкүндігінен) кешіктірілмей төленеді.
5.3. Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыс тоқтаған жағдайда Қызметкерге тоқтап тұрған уақыт ақысы Қызметкердің орташа жалақысының 50 % мөлшерінде төленеді.

6. КЕПІЛДІКТЕР МЕН ӨТЕМАҚЫЛАР

6.1. Іс-сапар уақытында Қызметкердің жұмыс орны (лауазымы) мен жалақысы сақталады. Еңбек кодексінің 152-бабының 2-тармағына сәйкес, іссапарларға жіберілетін Қызметкерлерге өтемақы төленеді.
6.2. Донор болып табылатын қызметкердің тексерілу және қан беру уақытында жұмыс орны (лауазымы) мен орташа жалақысы сақталады.
6.3. Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қызметкерлер мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындауға тартылған уақытта оларды жұмыс орнын (лауазымын) сақтай отырып, еңбек міндеттерін орындаудан босатады.
6.4. Жұмыс беруші өз қаражаты есебінен қызметкерлерге еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша, жүктілігі мен бала тууына байланысты, жаңа туған баланы асырап алуларына байланысты әйелдерге (ерлерге) демалыс уақытына әлеуметтік жәрдемақы төлеуге міндетті. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген еңбекке жарамсыздық парақтары еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақылар төлеу үшін негіз болып табылады. Жұмыс беруші қызметкерге жұмысынан айырылуына байланысты айына айлық орташа жалақысы мөлшерінде мынадай жағдайларда:
6.4.1. Жұмыс беруші таратылған жағдайда жұмыс берушінің бастамасы бойынша осы Шарт бұзылғанда;
6.4.2. қызметкерлердің саны немесе штаты қысқарған жағдайда жұмыс берушінің бастамасы бойынша осы Шарт бұзылғанда өтемақы төлемін жүргізеді.
6.5. Осы Шарт тоқтатылған кезде жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын (жыл сайынғы еңбек демалыстарын) пайдаланбаған немесе толық пайдаланбаған Қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының (жыл сайынғы еңбек демалыстарының) пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемі жүргізіледі.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1. Тараптар осы Шарт шарттарының бұзылғаны үшін осы Шартта және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында қарастырылған жағдайларда жауап береді.
7.2. Қызметкердің тәртіптік теріс қылығы үшін Жұмыс беруші оған келесі: ескерту; сөгіс; қатаң сөгіс; Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу сияқты тәртіптік жазаларды қолдануға құқы бар.
7.3. Қызметкердің Жұмыс берушінің мүлкін жоғалту немесе бүлдіру арқылы келтірілген залал үшін, қызметкердің әрекеті (әрекетсіздігі) нәтижесінде туындаған залал үшін, оның ішінде құпия ақпаратты жариялағаны үшін материалдық жауаптылықта болады.
7.4. Жұмыс беруші қызметкер алдында:
7.4.1. қызметкерді өз жұмыс орнында еңбек ету мүмкіндігінен заңсыз айыру арқылы келтірілген залал үшін;
7.4.2. қызметкердің мүлкіне келтірілген залал үшін;
7.4.3. қызметкердің өміріне және (немесе) денсаулығына келтірілген зиян үшін материалдық жауаптылықта болады.

8. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ, ТОҚТАТУ ЖӘНЕ БҰЗУ

8.1. Осы шартқа өзгерістер мен толықтыруларды, оның ішінде басқа жұмысқа ауыстыру кезінде Тараптар осы Шартқа қосымша келісім жасау арқылы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіпте және жағдайлар енгізеді.
8.2. Осы Шарттың қолданылуы мынадай:
8.2.1. тараптардың келісімі бойынша Шартты бұзу;
8.2.2. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша Шартты бұзу;
8.2.3. Қызметкердің бастамасы бойынша Шартты бұзу;
8.2.4. Тараптардың еркінен тыс мән-жайлардың орын алуы;
8.2.5. Қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастырудан бас тартуы;
8.2.6. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қызметкердің сайланбалы жұмысқа (лауазымға) ауысуы немесе еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігін болғызбайтын лауазымға тағайындалуы;
8.2.7. Шартты жасасу талаптарының бұзылуы жағдайларында тоқтатылады.
8.3. Осы Шарт тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.
8.4. Қызметкер Жұмыс берушіге кемінде бір ай бұрын жазбаша ескерте отырып, осы Шартты өзінің бастамасы бойынша бұзуға құқылы. Осы Шарт қызметкер бастамасымен бұзылған жағдайда, соңғысы өзіне тапсырылған жұмысты соңына дейін орындауға міндетті. Бұл талапты орындау мүмкін болмаған жағдайда Қызметкер оны басқа атқарушыға одан арғы жұмысты жалғастыруға қажетті толыққанды ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, барлық құжаттарды өткізіп беруі тиіс.
8.5. Осы Шарт Жұмыс берушінің бастамасы бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген негіздер мен тәртіп бойынша бұзылуы мүмкін.

9. ЕҢБЕК ДАУЛАРЫ

9.1. Осы Шарттан туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы реттелуге жатады.
9.2. Барлық даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен реттеу мүмкін болмаған жағдайда ол келісім комиссиясымен және/немесе сот тәртібінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаралады.

10. ӨЗГЕ ДЕ ШАРТТАР

10.1. Осы Шарт Тараптардың толық келісімін білдіреді. Бірге беріл
ген қосымшалары Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.
10.2. Осы Шарт бірдей заңдық күшке ие 2 дана етіп жасалды, әрбір Тарапқа бір данадан берілді.
10.3. Осы Шарттың мазмұны үшінші тұлғаларға жарияланбайды.
10.4. Қызметкер Еңбек шартына қол қойғанға дейін танысты:
ішкі еңбек тәртіптемесінің ережелерімен
Таң С.А.Таңатова «01» 09 2023 ж.
(жеке қолы) (қызметкердің Т. А. Ә.)
жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерімен
Таң С.А.Таңатова «01» 09 2023 ж.
(жеке қолы) (қызметкердің Т. А. Ә.)
лауазымдық нұсқаулықпен
Таң С.А.Таңатова «01» 09 2023 ж.
(жеке қолы) (қызметкердің Т. А. Ә.)
ұйымның коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтердің тізбесімен
Таң С.А.Таңатова «01» 09 2023 ж.
(жеке қолы) (қызметкердің Т. А. Ә.)

ұжымдық шартпен
Таң С.А.Таңатова «01» 09 2023 ж.
(жеке қолы) (қызметкердің Т. А. Ә.)

Жұмыс беруші:
«Абай негізгі мектебі» КММ
Мекен-жайы:Абай ауылы , Мектеп к.17
БСН 970440003148

«Абай негізгі мектебі» КММ
директорының м.а.: А.М.Сағымбаева
(директордың Т. А. Ә., қолы)

м.о.

Қызметкер:
Т. А. Ә. С.А.Таңатова
жеке куәлігі № _____
_____ **берілген**
Мекен-жайы: Абай ауылы
тел.: _____

С.А.Таңатова Таң
(қызметкердің Т. А. Ә., қолы)

Осы Шарттың бір данасын
алдым: С.А.Таңатова / Таң / 01.09.23. /
(қызметкердің Т. А. Ә.) *(қолы)* *(күні)*